МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгіні мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	077
Жинақтағы беттері	358-364
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 3427:340.132.8
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Арин Қуандық Мейрамбекұлы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
Мақала атауы	ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗАҢДЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

единовременной компенсации сотруднику правоохранительного органа, органа гражданской защиты, государственной фельдъегерской службы Республики Казахстан при получении увечья (травмы, ранения, контузии) в период исполнения им служебных обязанностей, а также вслучае его гибели (смерти) вследствие заболевания, увечья (травмы, ранения, контузии), полученных при исполнении служебных обязанностей, лицам, имеющим право на ее получение от 30- декабря 2022- года // https://primeminister.kz/assets/media/prilozhenie-rus_105.pdf

ӘОЖ 3427:340.132.8

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗАҢДЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

Арин Қуандық Мейрамбекұлы
kukakuzya2004@gmail.com
«Соттық прокурорлық қызмет» білім бағдарламасының 3-курс студенті
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Конституциялық және халықаралық құқық» кафедрасының аға оқытушысы з.ғ.м. Ерёменко Н.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 29-бабына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының азаматтары денсаулығын қорғауға құқылы және еліміздің азаматтары заңмен анықталған кепілдендірілген медициналық қызметтерді тегін алуға құқылы сонымен қоса, мемлекеттік және жеке меншік медициналық мекемелерден, сондай-ақ жеке медициналық қызмет көрсетушілерден ақылы медициналық көмек алу заңмен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады. Бұл норма азаматтардың медициналық көмек алуын және денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді [1].

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл Кодексте азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттері, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі, денсаулық сақтау жүйесінің негізгі принциптері айқындалған. Кодекске сәйкес әрбір азаматтың денсаулық сақтауға, қолжетімді және сапалы медициналық көмек алуға құқығы бар. Сонымен қатар, азаматтар өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға, профилактикалық шараларға қатысуға, медициналық ұсыныстарды орындауға міндетті. Аталған құқықтар мен міндеттер азаматтардың денсаулығын қорғауға және жалпы қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған [2].

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және азаматтардың денсаулығын қорғау мақсатында денсаулық сақтау органдары келесі негізгі функцияларды атқарады:

– Медициналық көмектің ұйымдастырылуы және көрсетілуі: денсаулық сақтау органдары медициналық көмектің барлық деңгейде қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз етеді. Бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмектен бастап, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық қызметтерге дейінгі барлық қызметтерді қамтиды.

– Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету: қоғамдық денсаулықты қорғау мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау және бақылау жүргізіледі. Бұл инфекциялық аурулардың алдын алу, санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау және эпидемияларға қарсы шараларды ұйымдастыруды қамтиды.

– Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын реттеу: денсаулық сақтау органдары дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады. Бұл дәрілік заттарды тіркеу, сертификаттау және олардың айналысын қадағалауды қамтиды.

– Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау және аккредитациялау: медициналық және фармацевтикалық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету мақсатында денсаулық сақтау органдары осы қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен мамандарды лицензиялау және аккредитациялау рәсімдерін жүргізеді.

– Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және қолдау: ғылыми зерттеулерді дамыту арқылы денсаулық сақтау саласындағы инновациялар мен озық тәжірибелерді енгізу қамтамасыз етіледі.

– Халықты ақпараттандыру және салауатты өмір салтын насихаттау: денсаулық сақтау органдары халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, аурулардың алдын алу және денсаулықты нығайту бойынша ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізеді [2].

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттерін нақтылай отырып, денсаулық сақтау органдарының қызметін жүйелі түрде реттейді. Бұл Кодекс денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге және халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған маңызды құқықтық негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің халықаралық деңгейдегі маңызды аспектілерінің бірі 18-бап «Адамның ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін), қан мен оның компоненттерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуді лицензиялау» бабы донорды күтіп жатқан сырқат адамға уақытылы денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Лицензиялау тәртібі:

– Лицензия алу қажеттілігі: егер жоғарыда аталған биологиялық материалдар экспорт немесе ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылса, оларды әкелу және әкету «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

– Лицензия беру мерзімдері: адамның тіндері (тінінің бөлігі), қан мен оның компоненттері:уәкілетті орган лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді үш жұмыс күні ішінде қабылдайды; адамның ағзалары (ағзасының бөлігі):лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім бір жұмыс күні ішінде қабылданады.

Қосымша ақпарат:

– Уәкілетті орган: осы салада лицензия беруге жауапты орган – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

– Лицензия алу үшін қажетті құжаттар: лицензия алу үшін өтініш беруші «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңда белгіленген тәртіппен қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс [3].

Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңы бойынша мерзімдер жылдармен есептеледі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің «Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидаларын және біліктілік талаптарын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі [3].

Халықаралық құқықтық актілер және олардың Қазақстандағы қолданылуы – бұл Қазақстан Республикасының халықаралық құқық нормаларын қабылдап, өз заңнамасына енгізу және сол нормаларды іс жүзінде орындау тәртібін білдіреді[4;6]. Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласындағы бірқатар халықаралық құжаттарды ратификациялады. Олардың ішінде:

– Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы: бұл құжатта әр адамның өмір сүруге, бостандыққа және жеке қол сұғылмаушылыққа құқығы бар екендігі көрсетілген. Сонымен қатар, әр адамның өзінің және отбасының денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ететін өмір сүру деңгейіне құқығы бар екендігі атап өтілген[5].

– Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт: бұл пакт денсаулық сақтау құқығын мойындай отырып, мемлекеттерді осы құқықты толық жүзеге асыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттейді [6].

Қазақстан осы және басқа да халықаралық құжаттарды ратификациялау арқылы денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтарын қорғауға міндеттеме алды. Жоғарыда аталған мәліметке көрнекті мысал келтірсек:

Конвенция атауы	Мысал
БҰҰ-ның Балалар құқықтары туралы конвенциясы	Қазақстан бұл конвенцияны 1994 жылы ратификациялады. Қазақстанда 2002 жылы «Баланың құқықтары туралы» заң қабылданып, балалардың денсаулығын қорғау, білім алуға тең қолжетімділік және олардың мүддесін қорғау кепілдендірілді [7].
CEDAW	Қазақстан 1998 жылы бұл құжатқа қосылды. Қазақстанда әйелдердің еңбек нарығында ерлермен тең құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заң қабылданды.
Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция	Қазақстан бұл конвенцияны 2015 жылы ратификациялады. Мүгедектердің еңбекке, білім алуға және медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау» бағдарламасы енгізілді.
Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және арнамысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция	Қазақстан бұл конвенцияны 1998 жылы ратификациялады. Елде азаптау фактілерін тексеру үшін Ұлттық алдын алу тетігі құрылып, қылмыстық заңнамаға азаптауды қатаң түрде жазалау туралы толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтық актілерді ратификациялау арқылы азаматтардың құқықтарын қорғау саласында заңнамасын үнемі жетілдіріп отырады.

Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ету кепілдіктері – бұл әр адамның денсаулығын қорғау және медициналық көмек алу құқықтарын жүзеге асыру үшін мемлекет қабылдайтын заңды, ұйымдастырушылық және әлеуметтік шаралар кешені [8;250]. Қазақстан Республикасында бұл кепілдіктер заңнамалық актілермен, халықаралық келісімдермен және денсаулық сақтау жүйесінің даму стратегияларымен бекітілген.

Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету үшін мемлекет бірнеше маңызды кепілдіктерді ұсынады. Әрбір аспектіні жіктеп көрсетсек:

Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету үшін мемлекет бірнеше маңызды кепілдіктерді ұсынады.

– Медициналық көмекке тең қол жеткізу. Мемлекет барлық азаматтарға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бұл ретте, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде қызметтер ұсынылады. ТМККК аясында ұсынылатын қызметтерге жедел медициналық көмек (шұғыл жағдайларда көрсетілетін медициналық қызметтер), алғашқы медициналық-санитарлық көмек (тұрғындарға профилактикалық,

диагностикалық және емдік қызметтер көрсету), стационарлық көмек (ауруханаларда емдеу және оңалту қызметтері) жатады[9;1].

Бұл қызметтер республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарына және қандастарға беріледі.

– Медициналық көмектің сапасы. Мемлекет медициналық қызметтердің сапасын бақылауды жүзеге асырады және медициналық ұйымдардың аккредитациясын жүргізеді. Бұл шаралар медициналық көмектің жоғары стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз етуге бағытталған. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ету кепілдіктері қарастырылған.

– Дәрілік қамтамасыз етудің сапасы және қолжетімділігі. Мемлекет дәрілік заттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды мемлекеттік тіркеуден өткізеді және олардың қолжетімділігін бақылайды. Бұл шаралар азаматтардың сапалы дәрілік заттарға қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған[9;1].

Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету үшін мемлекет медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын, сондай-ақ дәрілік заттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді шараларды жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтары және олардың заңдық кепілдіктерін жүзеге асыру кезінде пациенттің және дәрігердің құқытары мен міндеттеріне назар аударған абзал.

Пациенттердің құқықтары:

– Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу: Қазақстан азаматтары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқылы.

– Дәрігер мен медициналық ұйымды таңдау: пациенттер өз қалауынша дәрігерді және медициналық ұйымды таңдауға құқылы.

– Медициналық ақпарат алу: пациенттер өз денсаулығы, диагнозы, емдеу әдістері және болжамы туралы толық ақпарат алуға құқылы.

– Медициналық құпияның сақталуы: пациенттердің денсаулығы туралы мәліметтер құпия сақталуға тиіс.

– Емдеуден бас тарту: пациенттер медициналық араласудан бас тартуға және оның салдары туралы ақпарат алуға құқылы [2].

Пациенттердің міндеттері:

– Денсаулығын күту: пациенттер өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға шаралар қолдануға міндетті.

– Медициналық ақпарат беру: ауруға диагноз қою және оны емдеу үшін қажетті барлық ақпаратты дәрігерге хабарлауға міндетті.

– Медициналық нұсқауларды орындау: медициналық араласуға келісім бергеннен кейін медицина қызметкерлерінің тағайындауын мүлтіксіз орындауға міндетті.

– Құрмет пен сабырлық таныту: медицина қызметкерлерімен қатынаста құрмет пен сабырлық танытуға міндетті [2].

Дәрігерлердің құқықтары:

– Қауіпсіз еңбек жағдайлары: медицина қызметкерлері қауіпсіз және денсаулыққа зиянсыз еңбек жағдайларына құқылы.

– Кәсіби біліктілікті арттыру: медицина қызметкерлері өз біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуға құқылы.

– Медициналық қызмет көрсету: медицина қызметкерлері өз мамандығы бойынша медициналық қызмет көрсетуге құқылы [2].

Дәрігерлердің міндеттері:

– Медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету: медицина қызметкерлері өз қызметін кәсіби деңгейде орындауға міндетті.

– Медициналық құпияны сақтау: пациенттердің денсаулығы туралы мәліметтерді құпия сақтауға міндетті.

– Пациенттерге құрмет көрсету: пациенттермен қарым-қатынаста әдептілік пен құрмет көрсетуге міндетті [2].

Бұл құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамаларында бекітілген және медициналық қызмет көрсету процесінде пациенттер мен дәрігерлер арасындағы өзара қатынастарды реттеуге бағытталған.

Денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтары және олардың заңдық кепілдіктері жайлы Отанымыздағы ең өзекті тақырыптарын қозғай отырып, оларды шешу жолдарын ұсынамыз.

Қазақ телеграф агенттігінің «Власти назвали главные проблемы системы здравоохранения Казахстана» атты мақаласынан үзінді ала отырып, келесі екі проблемаға назар аудара аламыз.

Біріншісі, қаржыландыру жүйесінің тиімсіздігі. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу арқылы денсаулық сақтауды қаржыландыру айтарлықтай өскенімен, 2023 жылы денсаулық сақтауға жұмсалған ағымдағы шығындар ЖІӨ-нің 3,7%-ын құрады, бұл ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен 2,5 есе төмен. Төмен тарифтер, инфляцияға сәйкес индексацияның болмауы және қаражаттың тиімсіз пайдаланылуы сияқты мәселелер медициналық ұйымдардың қаржылық тапшылығына әкеледі.

Екінші мәселе ол - медициналық инфрақұрылымның тозуы. Ел бойынша денсаулық сақтау нысандарының орташа тозу деңгейі 49,3%-ды құрайды, ал инфрақұрылымның 40%-ына күрделі жөндеу қажет. Нысандардың 35%-дан астамы бейімделген ғимараттарда орналасқан, бұл жаңа технологияларды енгізуге және пациенттер мен персонал үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етуге кедергі келтіреді [10;1].

«Проблемы развития здравоохранения Казахстана на современном этапе» тақырыбында Шаяхметова К. О., Сыздыкова К. Ш., Рахимжанова Г. Б. еңбектерінде қарастырылған негізгі проблемалардың бірі – ауылдық аймақтар мен қаладан тыс елді мекендердегі медициналық кадр тапшылығы және дәрі-дәрмек ауылдық аймақтарда кей кездердегі тапшылығы. Авторлар зерттеулерінде аталған аумақтарда білікті мамандардың жетіспеуі медициналық қызметтің сапасын төмендетіп, халық денсаулығына елеулі әсер ететінін атап көрсетеді. Бұл мәселе, әсіресе, ауылдық жерлерде медициналық көмекке уақытылы қол жеткізу мүмкіндігінің шектелуіне әкеліп, созылмалы аурулардың асқынуы мен науқастар санының көбеюіне себепші болуда деп сенеді [11;4].

Біздің ойымызша, Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтары және олардың заңдық кепілдіктері бойынша негізгі проблемалар келесілерден құрылады:

Біріншісі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі олқылықтар. Кейбір азаматтар міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне кірмегендіктен, тегін медициналық қызметтерді пайдалана алмайды сондай-ақ көрсетілетін көмек өте тар.

Екіншісі, пациенттердің құқықтарын толық жүзеге асырудағы қиындықтар. Науқастардың өз құқықтарын толық білмеуі немесе ақпараттың жеткіліксіздігі олардың заңды талаптарын іске асыруда кедергі тудырады. Мәселен, 2023 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне медициналық қызмет сапасына қатысты 10 000-нан астам шағым түскен [9;1].

Үшіншісі, дәрілік заттардың қолжетімділігі мен баға саясаты. Дәл қазіргі уақытта әр дәрі тапшы және күннен-күнге адам баласына қажетті дәрілер қымбаттауда.

Төртіншісі, медициналық көмектің сапасын бақылаудың жеткіліксіздігі. Медициналық ұйымдардағы қызмет сапасын жүйелі тексеру мен бақылаудың жеткіліксіздігі медициналық қызмет көрсету деңгейіне кері әсер етеді.

Біздің пікірімізше, Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтары мен олардың заңдық кепілдіктері бойынша негізгі мәселелерді шешу жолдары келесілерден тұрады:

Бірінші, қаржыландырудың жеткіліксіздігін шешу мәселелеріне денсаулық сақтау саласына бөлінетін бюджетті ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне дейін арттыруымыз қажет;

қаржыландыру жүйесінде ашықтықты қамтамасыз ету және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау органдарын мемлекет ұйымдастыру керек немесе толыққанды халыққа жария болуы керек; міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін жетілдіру, оның ішінде ауылдық аймақтарда қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуіміз абзал.

Екіншісі, құқықтық кепілдіктердің жеткіліксіздігін шешу жолында денсаулық сақтау саласындағы құқықтық актілерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіруіміз; халықты медициналық құқықтар туралы ақпараттандыру бағдарламаларын жүзеге асыруымыз; дәрігерлер мен пациенттер арасындағы өзара құқықтық жауапкершілікті реттейтін жаңа тетіктер енгізуіміз қажет.

Үшінші мәселе дәрі-дәрмек құнына келетін болсақ, оған кешенді мәселелер шешу жолын ұсынар едік. Әуелі, дәрі-дәрмек бағасын мемлекеттік реттеу (ҚР Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмек бағасын реттейтін нормативтік актілерді күшейту керек және негізгі өмірлік маңызы бар дәрілердің шекті бағасын бекіту мен оны қатаң бақылауға алу міндеттілігін орындауымыз қажет), дәрілік заттарды отандық өндіріске қолдау көрсету (дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіретін отандық фармацевтикалық компанияларға салықтық жеңілдіктер мен мемлекеттік субсидиялар беру, инвесторларды тарту арқылы Қазақстанда дәрілік заттардың толық өндіріс циклын ұйымдастыру), «Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» бағдарламасын кеңейту керек.

Келесі медициналық қызмет сапасының төмендігін шешу жолдары пациенттердің құқықтарын қорғауды күшейту (шағымдарды қарау жүйесін оңтайландыру) және медициналық ұйымдарға қойылатын стандарттарды қатаңдату мен сапаны бақылау жүйесін күшейту әрекеттерінен тұрады.

Қорытындылай, Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтары мен олардың заңдық кепілдіктері – мемлекеттің басты назарында болуы тиіс өзекті мәселелердің бірі. Азаматтардың денсаулығын қорғау тек медициналық қызмет көрсетумен шектелмей, олардың құқықтарын толық қамтамасыз етуді де қамтиды. Денсаулық сақтау жүйесінің негізгі проблемаларына қаржыландырудың жеткіліксіздігі, дәрігер мамандардың тапшылығы, медициналық қызметтердің сапасының төмендігі, дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы және инфрақұрылымның әлсіздігі жатады. Осы мәселелерді шешу үшін заңнаманы жетілдіру, медициналық қызмет сапасын арттыру және халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейін жоғарылату қажет.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласын дамытудың бірқатар құқықтық негіздері бар, оның ішінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс маңызды рөл атқарады. Кодекс азаматтардың медициналық көмекке қолжетімділігін, дәрігерлер мен пациенттердің құқықтарын, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің негізгі принциптерін белгілейді. Сонымен қатар, халықаралық құқықтық актілерді ратификациялау арқылы Қазақстан адам құқықтарын қорғау бойынша өз міндеттемелерін күшейтуде.

Денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешудің басты жолдарының бірі – қаржыландыруды ұлғайту және оны тиімді пайдалану. Әсіресе ауылдық аймақтарда медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін жаңа ауруханалар салу, заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету және дәрігерлерді ынталандыру шараларын жүзеге асыру қажет. Дәрі-дәрмек бағасын төмендету үшін мемлекет фармацевтикалық нарықты бақылауға алып, отандық өндірісті дамытуға басымдық беруі тиіс.

Құқықтық кепілдіктерді күшейту мақсатында пациенттер мен дәрігерлердің құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру керек. Денсаулық сақтау саласында цифрландыруды дамыту да өзекті мәселе болып отыр, өйткені бұл медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартып, халыққа қажетті медициналық ақпараттың қолжетімділігін арттырады.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтарын қорғау үшін жүйелі реформалар қажет. Құқықтық базаны жетілдіру, қаржыландыруды арттыру, кадр тапшылығын шешу және медициналық қызмет сапасын жақсарту арқылы ғана бұл саладағы негізгі мәселелерді шешуге болады. Денсаулық – әрбір азаматтың басты құндылығы болғандықтан,

оны қорғау – мемлекеттің басты міндеті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360

3. Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202

4. Мусин К.К. Имплементация норм права международных договоров в национальное законодательство Республики Казахстан // Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан раздел: Проблемы современного права и правоприменения. 2014. 139-144 б.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001

6. Қазақстан Республикасының «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» 2005 жылғы 21 қарашадағы Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_

7. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_

8. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің «Қазақстан Республикасының сақтау денсаулық саласындағы байланыс қоғаммен департаменттерінің операциялық стандарттық процедурасы». 2022. 11-25 // https://www.unicef.org/kazakhstan/media/9261/file/pdf

9. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің сайты // https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/search/1?contentType=news%2Carticle%2Cdocuments%2Ccurators&lang=kk&searchText=%D1%88%D0%B0%D2%93%D1%8B%D0%BC%202023&slug=dsm

10. Казахское телеграфное агентство КАЗТАГ Власти назвали главные проблемы системы здравоохранения Казахстана. 2025. // https://kaztag.kz/ru/news/vlasti-nazvali-glavnye-problemy-sistemy-zdravookhraneniya-kazakhstana

11. Шаяхметова, К. О., Сыздыкова, К. Ш., Рахимжанова, Г. Б. Проблемы развития здравоохранения Казахстана на современном этапе 2015. // Journal of Economic Research &Amp; Business Administration, 81(5), 3-9.